

6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін орындалған Айгүл Оразбекқызы Спатайдың «Үздіксіз білім беруде педагогтардың ағылшын тілін меңгеруге даярлығын зерттеудің психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері» тақырыбындағы диссертациясына отандық ғылыми кеңесшісінің

ПІКІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі

«Үздіксіз білім беру» түсінігінің өзі «адамның бүкіл өмірінің барысында білім алу» формуласымен бейнеленетін білім беру ісінің жаңа конструкциясына ауысуды сипаттайтын феномен. «Үздіксіз білім беру» түсінігін анықтай келе көптеген оқымыстылар оның келесі маңызды сипаттамаларын баса атап көрсетеді, олар – адамның бүкіл өмірін қамтиды, өзіне барлық білім беру түрлерін қосып алады, ғылыми, мәдени мен әлеуметтік прогресстің жаңа жетістіктерін ассимиляциялау қабілеттілігі; оқи алу шеберліктерін жетілдіру; оқуға деген мотивацияны ынталандыру; оқу үшін тиісті жағдайлар мен атмосфера жасау; шығармашылық пен инновациялық көзқарасты бағыттарды жүзеге асыру, өзіндік білім алуға акцент жасау және т.б.

Білім берудің үздіксіздік идеясы білім беру кеңістігіндегі субъектінің белсенді рөлінен шығады.

Үздіксіз білім беру адамзатқа берілетін жалпы білімнің ажырамас бөлігі және қоғамның адами капиталы қалыптасуына септігін тигізетін интеллектуалды өндірістің маңызды салаларының біріне жатады, әрі ол өз алдынша күрделі процесті білдіреді, когнитивті, эмоционалды қатысуды, инновацияларға дайындық пен қабілеттерді қажет етеді.

Үздіксіз көпдеңгейлі білім беру жүйесінде мамандардың кәсіби даярлығының сапасын арттырып, оны басқарудың бірізділігі мен сабақтастығын теориялық тұрғыда негіздеп, ғылыми-әдістемемен қамтамасыз ету Қазақстандық білім беру жүйесінің әлемдік білім беру кеңістігіне ықпалдасу процесін зерттеуді және оны біртіндеп жүзеге асыруды қажет ететін басты мақсаттардың біріне айналып отыр. Бұған «Қазақстан Республикасында білім беру жүйесінің 2015 жылға дейінгі даму тұжырымдамасы» да, «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2010-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» да толық дәлел бола алады.

Бүгінгі таңда үздіксіз білім беру жүйесінде педагогикалық мамандар даярлауды саласында да біршама еңбектер орындалған.

Қоғамда орын алып отырған өзгерістерге орай, білім беру жүйесі өзінің іс-әрекеті, мақсаты мен мазмұнын қайта бағалау қажеттігін біліп отыр. Үздіксіз білім беру жағдайындағы кәсіби педагогтар жайлы ұғым-түсініктер де өзгеруде. Дәл қазіргі таңда үздіксіз білім беру жүйесінің педагогтары

белсенді, еркін және үнемі ізденісте болатын, педагогикалық жаңалықтар мен инновацияларды ендіруші аса жауапты тұлға деп қарастырылады.

Әрине осыған сәйкес кәсіби білімдерін ойлаудың инновациялылығымен және білімдік мәселелерді тәжірибеге бағытталған, зерттеушілік көзқараспен шеше алатын өзге сападағы педагогтарды даярлау қажеттілігі туындайды.

Осыған орай үздіксіз білім берудегі педагогтардың даярлығы, ағылшын тілін меңгеруге даярлығы мәселелері маңыздылығын жоймайтын өміршең болып қалады. Үздіксіз білім беруде осы білімнің институционалды аспектісі де (оқыту мазмұны мен оны ұйымдастырудың түрлі кезеңдер мен деңгейлердегі үздіксіз сабақтастығы), әрі жеке тұлғалық аспектісі (оқыту процесіндегі ағылшын тілді педагогтардың кәсіби жеке тұлғасының үздіксіз дамуы) де жүзеге асырылады. Үздіксіз білім беру жүйесінде педагогтардың ағылшын тілін меңгеруді қамтамасыз ету қажеттілігі оның іс-әрекетінің көпфункционалдылығымен, өзгетілді білім беру саласындағы динамикалық өзгерістермен, өзгетілді коммуникативті және әдістемелік құзіреттерді үздіксіз жетілдіруден туындайды.

Қазіргі заманауи зерттеулерде кәсіби үздіксіз білім беру жаңа кәсіби маңызды ақпаратты меңгеруге жағдай жасайтын, шығармашылық іс-әрекет тәжірибесін қалыптастыратын, оқып-білім алушылардың өзіндік дамуы мен жалпы дамуына септік ететін, болашақ кәсіби іс-әрекеттің тұтас картинасын құрайтын аса күрделі процесс деп қарастырылады.

Қазақстан Республикасы білім беру саясатындағы басты міндеттердің бірі үштілде білім беруді жүзеге асыру ісі болып отыр.

Қазақстанда көптілді/үштілде білім беру тәжірибесі өзінің тарихын 2007 жылдан бастайды. Дегенменен, үздіксіз кәсіби-педагогикалық білім беру жүйесінде халықаралық қарым-қатынас тілі ағылшын тілін меңгеруге байланысты педагогтардың даярлығын анықтаудың қажеттілігі артуы мен заманауи таңдағы білім беру жүйесінде бұл мәселеге әлі де болса өз деңгейінде тиісті назар аударылмауы арасында; үздіксіз кәсіби-педагогикалық білім беру жүйесінде педагогтарды даярлау ісін біріккен-диалогты танымдық іс-әрекетте ұйымдастыра отырып, белсенді оқыту әдістері негізінде жаңа сапаға көтеруге байланысты талаптардың артуы мен оны жүзеге асыруға байланысты ғылыми теорияға негізделген әдістеменің жоқтығы арасында қарама-қайшылық анық байқалады, әрі осы мәселенің өзектілігін анықтайды.

2. Нәтижелердің дұрыстығы мен негізделу деңгейі

Ізденуші А.О. Спатай диссертациялық зерттеу жұмысын орындауда қол жеткізген ғылыми нәтижелері:

Біріншіден, үздіксіз кәсіби-педагогикалық білім беру жүйесінде педагогтардың ағылшын тілін меңгеруінің педагогикалық-психологиялық ерекшеліктерін анықтау теориясы талдануымен;

Екіншіден, үздіксіз білім беру жүйесінде педагогтардың ағылшын тілін меңгеруі барысындағы педагогикалық-психологиялық ерекшеліктердің айқындалуымен;

Үшіншіден, үздіксіз білім беру жүйесі педагогтарының ағылшын тілін меңгеруге даярлығын біріккен-диалогты танымдық іс-әрекетті ұйымдастыру арқылы белсенді және кәсіби ойындар қолдану негізінде ғылыми-әдістемелік тұрғыдан негіздеуімен;

Төртіншіден, үздіксіз білім беру жүйесінде педагогтардың ағылшын тілін меңгеруге даярлықтарының кезеңдерін анықтаумен;

Бесіншіден, ағылшын тілін меңгеруге даярлықты анықтау бойынша мотивацияның құрылымдық компоненттерінің өзара байланысын айқындап саралаумен;

Алтыншыдан, үздіксіз кәсіби білім беру жағдайында ағылшын тілі педагогтарының тілді меңгеруге даярлықтары қалыптасқандығының критерийлері мен көрсеткіштерін анықтаумен;

Жтеіншіден, педагогтардың қазіргі үздіксіз білім беру жағдайындағы ағылшын тілін меңгеруге даярлықтарының жалпымәдени кәсіби құзіреттерінің моделін жасап, ұсынуымен

Сегізіншіден, үздіксіз кәсіби-педагогикалық білім беру жүйесінде педагогтардың ағылшын тілін меңгеруге даярлығын сабақтастықпен интегративті біріккен-диалогты танымдық іс-әрекетті ұйымдастыра отырып жүзеге асыру, басқару әдістемесінің кешенді эксперимент барысында тиімділігі дәлелденіп, эмпирикалық тәжірибеге негізделе заманауи таңдағы маманның кәсіби құзіретті іскерлігін қалыптастыруға бағыттаумен түсіндіріледі.

3. Нәтижелердің теориялық және практикалық маңызы

Диссертациялық жұмыс мазмұнындағы теориялық тұжырымдардың дұрыстығы мен ғылыми негіздемелілігінің ақиқатқа жақындығын анықтау нәтижелері үздіксіз білім беру жүйесі педагогтарының ағылшын тілін меңгеруге даярлықтарын қалыптастырудың тәжірибелік мүмкіндігін эксперименттік жұмыстар арқылы олардың өзара ішкі бірлігін беріп, маңыздылығын анықтап берген. Диссертациялық жұмысты үздіксіз білім беру жүйесінің буындары - жоғары және орта арнаулы педагогикалық оқу орындарында, жалпы орта білім беретін мектептерде, біліктілікті арттыру орталықтарындағы білім беру процесінде пайдалануға болады.

Үздіксіз кәсіби-педагогикалық білім беру жүйесіне: «Үздіксіз кәсіби білім беру педагогтарының (ағылшын тілін) инновациялық іс-әрекеті» тақырыбында диссертациялық зерттеу аясы шеңберінде осы саланың мектеп-лицейі мұғалімдері мен колледж педагогтарына біліктілік арттыру семинарын өткізіп, экспериментке қажетті сауалнамалар алынып, салдарында зерттеу материалдары толықтырылып, отандық ғылым қорын дамытуға тағы да нәтижелі қадам жасалынды.

4. Диссертациялық жұмыстың жаңалығы

1. Қазіргі таңдағы үздіксіз білім беру жүйесі педагогтарының ағылшын тілін меңгеруге даярлықтарын зерттеудің психологиялық-педагогикалық

ерекшеліктерін анықтау теориялық тұрғыда негізделіп, диссертант тарапынан өзіндік тұжырымдарының берілуі;

2. Үздіксіз білім беру жүйесінде педагогтардың ағылшын тілін меңгеруі барысындағы педагогикалық-психологиялық ерекшеліктерінің айқындалуы;

3. Үздіксіз білім беру жүйесі жағдайында педагогтардың ағылшын тілді меңгеруге даярлығын анықтауда біріккен-диалогты танымдық іс-әрекетті ұйымдастыру арқылы белсенді және кәсіби ойындар қолдану негізінде ғылыми-әдістемелік тұрғыдан негіздеуімен;

4. Педагогтардың қазіргі үздіксіз білім беру жағдайындағы ағылшын тілін меңгеруге даярлықтарының жалпымәдени кәсіби құзіреттерінің моделін жасап, ұсынуы;

5. Үздіксіз кәсіби білім беру жағдайында ағылшын тілі педагогтарының тілді меңгеруге даярлықтары қалыптасқандығының критерийлері мен көрсеткіштерін анықтауды тәжірибелік-эксперименттік жұмысы арқылы оның тиімділігін дәлелдегендігінде.

5. Диссертацияның мазмұны мен рәсімдеу бойынша кемшіліктер

Диссертациялық жұмыста зерттеу нысанына қатысты теориялық және әдістемелік мәселелер толық қамтылған және зерттеу жұмысына қойылатын барлық талаптар орындалып, сақталып жазылған ғылыми жұмыс. Ғылыми жұмыстарға лайықты мазмұндылығы мен техникалық талаптары толық сақталған.

6. Диссертацияның ғылыми білікті жұмысқа қойылатын талаптарға сәйкестігі

А.О. Спатайдың «Үздіксіз білім беруде педагогтардың ағылшын тілін меңгеруге даярлығын зерттеудің психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысын зерттеудің көкейкестілігінің ғылыми-теориялық және әдістемелік мәселелерін айқындаумен, үздіксіз білім беру жүйесі педагогтарының ағылшын тілін меңгеруге даярлықтарын қалыптастырудың моделін ұсынып, зерттеудегі басты идеяның берік болуын тәжірибелік жолмен негіздеп беруімен айқындалады.

Зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары, теориялық идеялары мен практикалық нәтижелері халықаралық ғылыми конференцияларда және арнайы басылымдарда жарияланып талқыланды. Зерттеу барысында 11 еңбек жарық көрді. Соның ішінде 1-еуі Scopus деректер қорына енетін жарияланымда, 6 мақала ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 4 мақала ҚР ұйымдастырылған және халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында және «Жаңартылған бағдарлама бойынша ағылшын тілі сабағында критериялды бағалау» оқу-әдістемелік құрал мен «Psychology of motivation and communication modern students» оқу құралы, «Ағылшын тілін меңгерудің инновациялық тәсілдері» әдістемелік нұсқаулығы, «Theory and

practice of translation» оқу құралы, «Жаттығулар жинағы» деп аталатын еңбектер жарық көрген.

7. Диссертацияны қорғау жіберу (немесе жібермеу) туралы ұсыныс

Спатай Айгүл Оразбекқызының 6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Үздіксіз білім беруде педагогтардың ағылшын тілін меңгеруге даярлығын зерттеудің психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысы дербес орындалған, толығымен аяқталған, диссертациялық ғылыми жұмысқа қойылатын талаптарға сәйкес жазылған жұмыс деп қорытынды бағамды беремін. Спатай Айгүл Оразбекқызының 6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

Ғылыми кеңесшісі,

Орда университетінің

психология ғылымдарының

кандидаты доцент М.М. Байбекова



М.М. Байбекова